



ӘЛЕМДІК МҰХИТ ӨНІМДІЛІК АЙМАҚТАРЫНЫҢ ОРНАЛАСУЫ

ОРЫНДАҒАН: Мамыркулов Нурбакыт
ТЕКСЕРГЕН: Шарахметов Саят



ЖОСПАР


- **ӘЛЕМДІК МҰХИТ ЖАЙЛЫ**
- **ӘЛЕМДІК МҰХИТ ӨНІМДІЛІГІ**
- **ӘЛЕМДІК МҰХИТ ӨНІМДІЛІК АЙМАҚТАРЫ**

Мұхит (Әлемдік мұхит) - гидросфераның негізгі бөлігі. Мұхит, Дүниежүзілік мұхит (гр. okeanos – мұхит, Жерді қоршап жатқан ұлы өзен).

Жер шарында төрт мұхит бар: Тынық, Атлант, Үнді және Солтүстік мұзды.

Кейбір ғалымдар Антарктида маңы суларын бесінші Оңтүстік мұхиты деп жеке бөледі.

Тірі организмдер бүкіл Мұхит қабаттарында тіршілік етеді. Органикалық дүниесі бентос (түпкі тұрғындар), планктон (пассивті жүзушілер) және нектонға (активті жүзушілер) бөлінеді. Өсімдік дүниесінің 10 мың түрі бар, олар, негізінен, жарық жақсы түсетін 200 – 300 м тереңдіктегі қабаттарда таралған. Жануарлар дүниесі түрлерінің саны 150 мыңдай. Мұхитта планетадағы тіршілік иелерінің 4/5-і мекендейді. Түрлердің саны экваторлық аймақтан полюстерге және тереңдікке қарай кеми береді. Мұхит құрамында белок мөлшері көп азық-түлік өнімдерінің (балық, моллюскілер, бақалшақтар, сүт қоректілер, балдырлар, т.б.) маңызды көзі, ол адамдарға қажетті белоктың 20%-ын береді.




Мұхит ластануы


- Дүниежүзілік мұхиттың ластануы - адамдардың әрекеті нәтижесінде мұхит (теңіз) суларындағы табиғи процестердің бұзылуы. Ластаушы заттардың өте көп мөлшерде жиналуы салдарынан жылдан-жылға мұхиттың өзін-өзі тазарту мүмкіншілігінің төмендеуі - онда тіршілік ететін организмдердің құрып кетуіне немесе шектен тыс көбеюіне алып келеді. Мысалы, теңіз жұлдызының (Asteroidea) тым көбейіп кетуінен Австралия жағалауындағы Үлкен Барьерлі рифтің түбінде “тікенді шеңбер” қалыптасуда.
- Қазіргі кездегі ең үлкен проблема - мұхиттың мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануы. Мұхиттың мұнаймен ластануының басым бөлігі теңіз транспортының және қала аумақтарынан шайып әкелетін мұнайдың үлесіне тиеді. Мұхитты мекендеушілер үшін, әсіресе, организмнің ішіне еніп кеткен жағдайда токсикалық әсер ететін, мұнайдың ерігіш компоненттері қауіпті. Мұнайдың төгілуінің ең бір ауыр зардабы - су бетінде жұқа мұнай қабатының пайда болуы. Онда газ алмасу бұзылады, жарықтың суға өтуі нашарлайды, фотосинтез жүрмегендіктен фитопланктон қырылады. Мұнайдың ауыр компоненттері (мазут) су табанына шөгеді, бұл бентостың өлуіне әкеліп соғады.

Атмосфераның газдық балансындағы Әлемдік мұхит фитопланктондарының рөлі жоғары. Ол оттегінің негізгі көзі. Заманымыздың аса ірі проблемаларының бірі — *антропогендік әсердің салдарынан көміртегі циклінің қалыптан тыс* *ғаламдық бұзылуының орын алуы*. Биосфераға антропогендік іс-әрекеттер барысында түсетін CO₂-ні мұхиттағы тірі ағзалар сіңіреді. Әлемдік мұхиттың адамзат өміріндегі рөлі сан алуан. Ол орта түзуші, кәсіпшіліктік, шикізаттық, рекреациялық, көлік және т.б. қызметтерді атқарады.



- Біздің планетамыздың үстіңгі қабатының 70%-дан астам көлемін мұхиттар мен теңіздер алып жатыр, олар атмосфераға әсер етеді және пайдалы қазбалар мен тағам көздері болып табылады. Олар Жер жүйесінің ең өнімді экологиялық жүйесі болып табылады да бүкіләлемдік балық аулау кәсібінің 80%-ын қамтамасыз етеді. Мұхит планетадағы өмірдің бесігі және оның экологиялық негізі. Планетаның бір тұрғынына орта есеппен алғанда 311 млн шамасында су мөлшерінен келеді.







Әлемдік мұхиттың маңызын қарастыра отырып, балық аулау және теңіз кәсіптерінің маңызды рөл атқаратынын көреміз, олардан түсетін жылдық табыстың көлемі 55 млрд доллардан асады.

Барлық тағамдардың (салмағы бойынша) 99%-ы жерден, тек 1%-ы ғана мұхиттардан алынады. Мысалы, Мьянма, Жапония, Қытай халықтары үшін жануарлар ақуыздарының жартысынан көбін теңіз береді. Мұхит «ранчосы» деп аталып жүрген ашық Мұхит маридақылдары да белсенді дамуда. «Маридақыл» термині теңіздерде, лимандарда, өзен эстуарияларында пайдалы балдырларды, моллюскілерді, балықтар мен басқа да ағзаларды өсіру дегенді білдіреді. Қазіргі уақытта оның еншісіне барлық су ағзаларының 1/10 бөлігі тиесілі, ал жақын онжылдықтарда маридақыл адамзатқа бір жылда 50 млн т тағам өнімдерін беретін болады.


Мұхит өнімділігі балдырлар биомассасының өнімділігінен 3 есе, ал құрлықтық өсімдіктердің биомассасының өнімділігінен 10000 есе аз. Табиғи су қоймалардың төмен өнімділігі минеральды заттардың жетіспеушілігінен ғана емес, сонымен қатар тұздылықтың жоғарғылығымен де байланыстырады.




- В.Г.Горшкова(1996)зерттеулерінде әлемдік мұхиттың биологиялық өнімділігі антропогенді CO₂ көп жұтылуының әсерінен-ақ ұлғайды деп жазылған. Бұл тұжырым даусыз дұрыс деп есептесе болады.
- Мұхитта өсімдіктер биомассасына қарағанда,жануарлар массасы 30 есе көбірек.
- Бұл арақайшылыққа қарамастан,құрлық пен мұхиттың биологиялық өнімділігі бірдей. Себебі,мұхит өнімділігіне күнделікті жаңарып отыратын бірклеткалы балдырлардың тарапынан маңызды рөл атқарылады. Ал құрлық биомассасында жаңару 15 жылда 1 рет болады.



Неритикалық зона- Әлемдік мұхиттық пелагиальдің экологиялық зонасы. Неритикалық зонаның ең төменгі тереңдігі 100-400мден, кейде 500м изобатқа дейін барады.



Әлемдік мұхиттың ең жоғарғы өнімділікті табиғи зонасы болып табылады. Әлемдік мұхиттың жалпы биологиялық өнімділігінің 80%-ы тиесілі зона. Бұл аймақта омыртқасыздар мен балдырлар, сонымен қатар әлемдік балық шаруашылығының орталықтары көздеген пелагиальды және ең төменгі қабаттарда таралған балықтар көптеп кездеседі.



Фитопланктон және зоопланктон неритикалық зонаның биоценозында әлдеқайда сапалы әрі бағалы болып келеді.



- Сонымен қатар неритикалық зонада меропланктон – моллюскалар, шаянтәріздестер, тікентәрізділер және де т.б. өте көп мөлшерде кездеседі.



НАЗАР
АУДАРҒАНЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ

